

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 ақпан N 129

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылғы 3 қыркүйекте Астрахань қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы
Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 1, 16-құжат)
(1999 жылғы 9 наурызда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 80 бет)

Бұдан әрі қарай Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі,

1996 жылғы 17-қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы шарт ережелерін басшылыққа ала отырып және дамыта отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аясында әскери-техникалық ынтымақтастық саласында жасалған келісімдерді,

сондай-ақ 1997 жылғы 23-қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Беларусь Республикасының Қарулы Күштері үшін жеткізілетін

өнімдердің сапасына әскери бақылау жасау туралы келісімді ескере отырып, өз мемлекеттерінің қорғаныс мүдделері үшін қару-жарақты, әскери техниканы, әскери-техникалық мүлікті, оларды жабдықтау бұйымдары мен қосалқы бөлшектерін әзірлеу, өндіру және өзара жеткізіп тұру бойынша қалыптасқан бірлескен байланыстардың сақталуын орынды деп есептей отырып, әскери-техникалық салада өзара тиімді екі жақты байланыстарды тұрақты негізде дамытудың маңыздылығын мойындай отырып, ынтымақтастықты өзара тиімділік және экономикалық мақсаттылық негізінде кеңейтуге ұмтыла отырып, төмендегілер жөнінде келісті:

1 - Б а п

Тараптар мынадай салаларда ынтымақтастықты жүзеге асырады:

1. Авиациялық техника мен қару-жарақты; әуе қорғанысы әскерлері үшін техника мен қару-жарақты; құрлықтағы әскерлер үшін техника мен қару-жарақты; әскерді, қару-жарақты басқарудың, барлау және радиоэлектронды күрестің автоматтандырылған жүйесін, мәліметтерді беру, байланыс құралдары мен оптикалық құралдарды, жүйесі мен кешендерін өндіру, жеткізіп тұру, жаңғырту, қызмет көрсету ж ә н е ж ө н д е у .
2. Қару-жарақ пен әскери техниканы жетілдіру мүдделері үшін жүргізілетін ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар.
3. Әскери мақсаттағы өнімдерді шығаратын кәсіпорындарды қайта жаңарту, жаңғырту және конверсиялау.

2 - Б а п

Осы Келісім ережелерін жүзеге асыру үшін Тараптар Уәкілетті органдарды т а ғ а й ы н д а й д ы :

Қазақстан тарабынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
Беларусь тарабынан - Беларусь Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Беларусь Республикасының Өнеркәсіп министрлігі.

3 - Б а п

Қару-жарақты, әскери техниканы, материалдық құралдарды сатып алу және қызмет көрсету жасаушы кәсіпорындар мен тапсырыс берушілер арасындағы шарттар негізінде Тараптардың қолданыстағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы мүлікті өзара жеткізіп тұру тізбесі мен мөлшерін және әскери-ғылыми әрі әскери-техникалық мақсатта қызмет көрсетуді, жеткізіп тұру шарттарын, өзара есеп айрысудың тәртібі мен нысандарын Тараптар және олардың шаруашылық жүргізуші субъектілері шарттық құжаттарда айқындайды.

4 - Б а п

Осы Келісім үшінші тараптың мүдделеріне нұқсан келтірмейді және Тараптардың басқа елдермен әскери-техникалық саладағы ынтымақтастығына кедергі келтірмейді.

Тараптар екінші Тараптың ол бұрынырақта жасаған халықаралық шарттар бойынша шарттық міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін іс-қимылдарға тартынуға м і н д е т т е н е д і .

Үшінші тарапқа әскери техниканы, өнімдерді және олар туралы ақпаратты беру мен сату (кері экспорттау) осы техниканы, өнімдерді және ақпаратты берген Тараптың жазбаша келісімімен және олармен келісілген шарттар бойынша рұқсат етіледі.

5 - Б а п

Қару-жарақ пен әскери техника үлгілерін жаңғырту және дамыту жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар Тараптардың уағдаластығы н е г і з і н д е о р ы н д а л а д ы .

Тараптар бірлесіп әзірлеу мен пайдаланудағы қару-жарақ пен әскери техника үлгілері бойынша ғылыми-техникалық ақпараттармен үнемі алмасып отыруды жүзеге а с ы р а д ы .

Аталған ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру тәртібін, сондай-ақ авторлық құқықтар мен патенттерді қорғауды Тараптар қосымша келісімдермен айқындайды.

6 - Б а п

Тараптар әскери-техникалық ынтымақтастық шеңберінде алынған ақпараттардың сақталуын қамтамасыз етуге және келісілген құпиялылық дәрежесін сақтауға міндеттенеді.

Тараптар ынтымақтастық саласына қатысты келісім қағидаларын және коммерциялық құпияларды құрметтейді.

Ынтымақтастық барысында туындайтын даулы мәселелер келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

Егер Тараптар бір шешімге келе алмаса, Тараптардың немесе олардың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің осы Келісім ережелерін бұзуына байланысты келтірілген материалдық залалды өтеу жөніндегі дауларды қарау Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық сотында жүзеге асырылатын болады.

8-Бап

Осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар, оның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша хаттамалар жасау жолымен енгізілуі мүмкін.

9 - Б а п

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындағаны жөніндегі мәлімдемелермен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалды және егер Тараптардың ешқайсысы тиісті мерзімнің аяқталуына алты ай қалғанға дейін оның қолданысын тоқтататын ниеті туралы жазбаша мәлімдемесе, оның қолданысы келесі бес жылдық кезеңге өзінен-өзі ұзартылады.

Астрахань қаласында 1998 жылғы 3 қыркүйекте екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісім ережелерін түсіндіруде Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ